

Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 16 наурыздағы № 64 қаулысы. Қостанай облысы Жангелдин ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 сәуірде № 9-9-149 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 159 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 28.08.2013 № 159 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 Қаулысымен бекітілген "Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет Стандартына сәйкес, бюджетті іске асыру мақсатында Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін әр балаға ай сайын 8 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган болып анықталсын.

3. Әлеуметтік көмек тиісті оку жылының ішінде төленеді деп белгіленсін.

4. Әлеуметтік көмекті төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы әлеуметтік көмек тұтынушының банктік шотына ақшалай қаражаттарды аудару жолымен жүзеге асырылады.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Жангелдин ауданы әкімінің орынбасары F.K. Сұндетбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 01 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға өз әрекетін таратады.

Аудан әкімі

H. Төлепов

КЕЛІСІЛДІ:

*"Жангелдин ауданының экономика
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

Д. Бидашев

*"Жангелдин ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

Л. Зейнекина

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК